

"Шағын кәсіпкерлік субъектілерін тексеруге моратория жариялау туралы"

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімінің 2003 жылғы 3 ақпандағы N 1/51 қаулысы. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2003 жылғы 28 ақпанда N 513 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Алматы қаласы аппарат әкімінің 2005 жылғы 1 тамыздағы N 7-916СК/05 хаты.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылы 27 желтоқсандағы "Шағын кәсіпкерлікті тексеруге моратория жариялау туралы" қаулысын орындау және Алматы қаласында шағын кәсіпкерлікті қолдау мақсатында Алматы қаласының әкімшілігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы Әкімінің орынбасарларына, аудан әкімдеріне, комитеттерге, басқармаларға, департаменттерге және басқа да органдарға:

1) Шағын кәсіпкерлікке жататын шаруашылық субъектілерінің тізімін тиісті қызмет жүйесі бойынша анықтасын.

2) 2003 жылы 1 қаңтардан 1 қазан аралығында салық төлеушінің өтініші оларды жүргізу үшін негіз болатын салық тексерістерін, ыңғайласпа салық тексерістері мен хронометраждық зерттеулерді, қылмыстық әрекеттер мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың жолын кесу мақсатында заңнамаға сәйкес жүргізілетін тексерістерді, сондай-ақ конституциялық құрылысты, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, Қазақстан Республикасының халықтың санитарлық-эпидемиологиялық әл-қуаты туралы заңнамасы нормаларын бұзуға бағытталған іс-әрекеттерді болдырмау үшін жүргізілетін тексерістерді қоспағанда, шағын кәсіпкерлік субъектілерін тексеруді тоқтатылсын.

3) Бақылау-қадағалау органдарының қызмет бағыттарына сәйкес шағын кәсіпкерлікті тексеруге мораторияны жүзеге асыруға бағытталған нормативті акт қабылдансын, сонымен қатар тексерулердің санын максималды қысқартуды және олардың шағын кәсіпкерліктер үшін міндетті түрде жүргізілу қарастырылған салаларда жүргізу мерзімін қысқартуды қарастырсын.

4) Мораторияны жүзеге асыру кезінде оның іс-шара қорытындысына мониторинг жүргізілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары Қ.А.Бүкеновке жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Әкімшілік хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК